

формируют личность человека. Я уверен, что произведения Абая должны стать настольной книгой в каждом доме тех, кто хочет чувствовать себя сопричастным к трагедиям, боли и радостям нашей земли. Сейчас президент сделал ставку на молодежь, и это правильно. В свое время Абай поступал так же. Абай понимал, что человек — главная ценность бытия. Важно не только сохранить совесть, душу, но и умение принести пользу своему народу при жизни. В этом великий и главный смысл жизни человека на земле. И это он завещал нам, будущим поколениям.

Обращение главы государства к личности Абая показывает большое внимание власти к процессам возрождения духовности народа, к поиску единых национальных идеалов. Президент в своей статье подчеркнул значимость и актуальность для современного казахстанского общества обращения к богатейшему наследию Абая в процессе модернизации страны. Действительно, Великий Абай был и остается примером высокого служения национальным интересам. В своем творчестве он призывает казахский народ свято чтить свою историю, культуру, традиции и обрядность, то есть к устойчивой национальной идентичности. Основная ценность устоявшейся нации и государства — это национальное единство и единые национальные идеалы. Призывы Абая к единству воплощаются в современной казахстанской модели межэтнического мира и согласия.

Литература:

1. Абай Кунанбаев. Избранное. Серия «Мудрость веков». — М.: Русский раритет, — 426 с. 3 Кунанбаев А. Книга слов / Пер. с каз. Р. Сейсенбаева. — Семипалатинск, 2001. — 218 с.
2. Орынбеков М.С. Философские воззрения Абая. — Алматы: Гылым, — 334 с.
3. Мамырбекова А.С. Нравственный оптимизм Абая // Мысль. — 2007. — № 8. — 116 с.
4. Касым-Жомарт Токаев: «Абай и Казахстан в XXI веке»
5. Жарикбаев К.Б. Казахские просветители о воспитании молодежи. Алма-Ата: Знание, 1985.

ЖАСЫМДА ҒҰЛЫМ БАР ДЕП ЕСКЕРМЕДІМ

ҚАСИМОВА АЙМАН

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Мәдени ауылы.

«Мәдени жалпы білім беретін мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі

Мемлекет басшысы Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев «Қазақ зиялыларының жаңа кезеңдегі міндеті - ұлт болмысының жаңа қағидағтарын орнықтыру. Сондай-ақ ұлт сапасын арттыруға ат салысу» - деп тұжырымдауының терең мағынасы бар.

Себебі, Абай шығармаларында меритократия мәселесіне де айрықша мән берілген. Ол адамды мәртебесіне қарай емес, талабы мен еңбегіне қарап бағалаған. Ұлы ақын қазақ жастарына жөн-жоба көрсетіп, бағыт-бағдар берген. Осы зерттеу жоба Абай Құнанбайұлының қара сөздеріндегі адамгершілік пен ар — ұят мәселесін қазіргі жас ұрпақ бойында қалай қалыптасқанын, оны қалай түсінетіндіктерін, қандай жерлерде қолдану керек екендігін табуға байланысты.

Қазіргі кездегі елімізді толғандыратын мәселелердің бірі жастарды адамгершілікке, әдептілікке, адалдыққа, имандылыққа баулу. Сондықтан мен осы тақырыпты таңдауға шешім қабылдадым.

Ел жұрттың болашағын ойлап, халықты ауыр тұрмыстан, азаптан құтылудың жолын меңзеп, оқу — білімге шақырған. Адамның сол кездегі жаман қасиеттерінің бәрін санап, атап көрсетіп, содан арылуға, жақсылықты өн бойына жинауға, яғни тәрбиеге көп көңіл бөлген. Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашу сияқты, рулық тартыс, бітпейтін дау - жанжал елдің сияқын бұзғанынын, еш мақсатсыз бос жүрген халықты көріп, қатты қынжылған. Ел ішіне іріткі салатын, өтірікпен мал жиып, байынан би — болыстарды елеңмен шенеген.

Қазақ даласында қазіргі психология ғылымы тұрғысынан, бірінші болып Абай «адам» деген ұғымға анықтама берген. Адам — ұғым — педагогика мен психология ғылымында негізгі пәндік ұғым. Абай түсінігіндегі «адам» — ақылдылық пен еңбек сүйіспеншіліктің әділдік пен білімділіктің, махаббат пен адалдықтың, адамгершіліктің жиынтығы».

Тек осы қасиеттерді бойына сіңірген кісі ғана — нағыз Адам деп ойлаймын. Орыстың ұлы педагог ғалымы К. Д. Ушинский де өзінің басты еңбегін адамға арнаған. «Адам тәрбие пәні қақында» осы тұрғыдан Абайдың ойлары, пікірлері орыс ғалымдарымен үндес келеді.

Абайдың адамгершілік идеалы, мұраты, принципі — қысқаша ғана «Адам бол!» деген формула, тұжырым. Сонымен қатар, білім беру мекемелерінде өткізілетін тәрбиелік шараларда Абай шығармаларын насихаттай отырып, халықтық педагогикалық негізінде халқымыздың әдет-ғұрпын, қадірлей де қастерлей білуге баулу.

Тәлім — тәрбие болмаған жерде адамгершілік мәдениеті мен қасиеті де қалыптаспайды дегеніне көзім толық жетті. «Адамға ең бірінші керекті білім емес, тәрбие

Тәрбиесіз білім — адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» Ұлы Абай атамыздың сөзін әрдайым жалғымызда сақтауымыз керек деп ойлаймын. Ағылшын тілі пәнінде осы мен жазған жұмысты пайдалануға ұсыныс жасау. Менің ойымша осы тандап алынған тақырыбымының өзектілігі — адамгершілік пен ар — ұят бар жерде шындық пен әділдік болады және тәрбиесі бар жас ұрпақ адамгершілік рухы жоғары болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Абай педагогикасы «Келешек - 2030» Көкшетау, 2003
2. Абай қара сөздері «Көшпенділер» баспасы Алматы, 2007

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



«ҰЛЫ АБАЙДЫҢ МҰРАСЫ» ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ-
ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ ОБЛАСТНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«НАСЛЕДИЕ ВЕЛИКОГО АБАЯ»

MATERIALS OF THE REGIONAL SCIENTIFIC AND
PRACTICAL CONFERENCE
«LEGACY OF THE GREAT ABAY»

29-30 қазан

Түркістан, 2020

● Абай Құнанбайұлының туғанына – 175 жыл

Абайды білмек керек ойлы жасқа



Мәдени жалпы орта мектебінде ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай «Абайды білмек керек ойлы жасқа» тақырыбында онкүндік өтті.

Бірлестік жетекшісі ретінде мектеп ұжымы мен оқушыларды іс-шараның бағдарламасымен таныстырдым. Оқушылар «Абайды оқыған соң...» тақырыбында эссе жазды, «Шамшырағы қазақтың – Ұлы Абай» тақырыбында тест өткізілді.

Онкүндік аясында мектеп кітапханасының меңгерушісі Г.Әшеновамен бірлесе, «Ұлы халықтың Ұлы Абайы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Абай дана, Абай дара қазақта» тақырыбында қабырға газеттері, буклеттер шығарылды. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі М.Есболов «Тапқыр болсаң, тауып көр» тақырыбында 6–8-сынып оқушылары арасында тіл сайысын өткізді.

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі ретінде 4-сыныпта «The Weather» тақырыбында ашық сабақ өттім. Әдістемелік бірлестік мүшелері сабаққа қатысып, «өте жақсы» деген баға берді. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

А.Қасымова 2-сыныпта «Our body» тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқушылар ағылшын тіліне деген қызығушылығын көрсете отырып, өз білімдерін ортаға салды.

Орыс тілі пәнінің мұғалімі А.Есіркепова 10-сыныпта «Гранатовый браслет» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ өте жақсы бағаланды.

Сонымен қатар, қазақ тілі пәнінің мұғалімдері Г.Бастықова және М.Есболов «Жыр жазамын Абайдың үлгісімен» атты ақындар мұшайрасын өткізді. Абайдың қара сөздері мен өлеңдері үш тілде жатқа оқылды. Ең көп өлең жаттаған оқушылар қорытынды кешке іріктеп алынды. Олар: Г.Князхан, Б.Байзақ, А.Мейірбек, А.Теміралы, Т.Мәлік, Қ.Молдаш, т.б.

Г.Бастықова 9-сыныпта «Құлагер» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақтағы оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығынан ашық сабақтың қандай деңгейде өткенін аңғару қиын болмады.

Онкүндіктің қорытынды кезеңінде «Абай жаққан бір сәуле сәнбеу үшін» тақырыбында 8–10-сынып оқушылары Абай туралы қойылым қойды.

Орыс тілі пәнінің мұғалімі А.Есіркепова 6–7-сынып оқушылары арасында «Умники и умницы» атты жарыс өткізді.

Сайыс өте қызықты өтті.

Онкүндікте белсенділік танытқан мұғалімдер мен оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

Эссе жазудан 9-сынып оқушысы Д.Сағат I орын, А.Әбілқасым II орын, 7-сынып оқушысы Т.Мәлікқызы II орын, Н.Жолдас, Қ.Молдаш, Қ.Төлөндібаева III орын, тест жұмысынан 6-сынып оқушысы Н.Оспан I орын, 10-сынып оқушылары А.Елшібек I орын, Н.Лесбек II орын, Б.Асан II орын, 5-сынып оқушысы Е.Нұрқабыл II орын, А.Князхан, А.Қансейіт, С.Есентай, А.Назаралы, Н.Жақан, А.Байділда, Ж.Аршабаева III орынды иеленді. Оқушылар «Белсенді сынып», «Үздік полиглот», «Ынталы оқушы», «Өнерлі оқушы», «Шебер орындаушы», «Көркем сөз шебері», «Жас тілші» деген номинациялар бойынша марапатталды.

Қ.БАЛҚЫБЕКОВА,
Мәдени жалпы орта
мектебі әдістемелік
бірлестігінің
жетекшісі.